

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Рахман Аружан Бауыржанқызы

ЖАРИЯЛАНДЫ
01.02.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/148577/

Мотивация-адамға бағыт-бағдар беретін, жетістікке жетудің жолы. Шынымен, қазіргі жастар мотивацияны қайдан аламын? Болашақта не істеймін?- деп терең ойға батып жататыны анық.

Ойы дамыған адамның өмірге деген құлшыныссыз, белгілі бір мақсатсыз елестету қиын. Өмірге деген талпынысыңызды жоғалтсаңыз, оны қайта жаңғырту үшін талмай әрекет жасаңыз.

Мотивацияның пайда болуына бірден-бір әсер тигізетін ол өзіміз. Ол мүлде қиын емес. Тек алға қойған мақсатыңызды нақты анықтап алғаныңызда жеткілікті.

«Мотивация жоқ болса, нәтиже де жоқ. Әрекет жоқ болса, ынта да жоқ.»

Бұл арада талпыныстың болуы жеткілікті дүние емес, мотивацияны демеу мақсатында жұмыс істеу керек. Алға қойған мақсат арқылы біз арманымызға жетіп, қиял-арманнан ынталанамыз. Сіз 11 сынып оқушысысыз, грантқа өз күшіңізбен түскіңіз келеді, бірақ мотивті қайдан аламын?-деген сұрақтар мазалайды. Әрине, бір қарағанда бұл тым қиын көрінеді. Дегенмен, сіз болашағыңызға немқұрайлы қарамасаңыз, алға қойған мақсаттарыңыз көңіліңізге жағып, қуантатындай болса, талмай іс-әрекет жасаңыз, оқыңыз, білім алыңыз.

Білім алу ҰБТ дан жоғары балл жинау ғана емес, өзіңізді үлкен өмірге дайындау мен тұлға ретінде қалыптастыру жолында үлкен рөл атқаратынын естен шығармағаныңыз жөн.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.